



Ресей Федерациясына жалға берілген "Байқоңыр" кешенінің жер участекелерін пайдалану тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасында Келісім жасау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 473 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің ұсынған, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, Сыртқы істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Фылым министрлігі - Фылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігімен келісілген Россия Федерациясына берілген "Байқоңыр" кешенінің жер участекелерін пайдалану тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Келісім жобасы макұлдансын (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасы Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Оспанов Бақыт Сағындықұлына Россия Тарапымен келіссөз жүргізу және қол жеткен уағдаластық бойынша қоса беріліп отырған жобаға қагидалық сипаты жоқ өзгертулер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан аталған Келісімге қол қою тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Үкіметтің ініціатива

1996

жылғы

19

сәуірдегі

N 473

қаулысымен

мақұлданған

Республикасы

Ресей Федерациясына жалға берілген жер участекелерін пайдалану тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Келісім

(Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі, бұдан әрі Тараптар деп аталады, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы наурыздың 28-індегі "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы Келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы желтоқсанның 10-ындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау Шартын негізге ала отырып және "Байқоңыр" кешені жөніндегі бұрын қол жеткен келісімдерді дамыта отырып мына төмендегілерге келісті:

**1 - Б а п .                    Ж а л п ы                    е р е ж е л е р**

**О с ы                    К е л і с і м :**

Ресей Федерациясына жалға беру шартымен берілген Қазақстан Республикасының аумағындағы Байқоңыр кешені жерлерін (оның ішінде ұшырғыш - ракетаның бөлінетін бөлшектері түсетін аудандар үшін бөлінген жерлерді қоса, одан әрі мәтін бойынша - түсетін аудандары) пайдалану тәртібін;

Ресей Тарапының өз қызметі салдарынан жерлердің және су объектілерінің бұзылуына және ластануына соқтырған зардаптарды жою тәртібін белгілейді.

**2-Бап. "Байқоңыр" кешені аумағындағы жерлерді пайдалану**

1. Байқоңыр қаласының аумағында жаңадан құрылатын үйлерді, құрылыштар мен объектілерді орналастыру оның құрылышының бас жоспарына сәйкес, ал бау-бақша серіктестігін, шаруа қожалықтарын, ұжымдық бақшаларды ұйымдастыру - Байқоңыр қаласы аумағындағы жер шаруашылығын орналастыру жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. Ресей Тарапы жер телімдерінің және су объектілерінің бұзылуы мен ластануына алып келген өз қызметінің зардаптарын жоюды Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның «Байқоңыр» кешені жөніндегі ішкі комиссиясының шешіміне сәйкес мүдделі министрліктердің, ведомстволардың өкілдерінен құрылған арнайы жұмыс комиссиясының ұсынымдарының негізінде қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1216 Қаулысымен.**

**3-Бап. Жер қатынастарын реттеу**

1. "Байқоңыр" кешені аумағында жер қатынастарын реттеу "Байқоңыр" кешенін жалға алу Шартына және осы кешенді жалдау шартына қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ресей Федерациясына жалға алу шартымен берілген жер телімдерінің, нысаналы пайдалануына байланысты емес барлық жағдайларда, жер қатынастарын реттеуді Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігінің келісуімен Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органдының аумақтық органдары жүзеге асырады.

3. Байқоңыр» кешені жер телімдерінің (түсетін аймақтарынан басқа) жер кадастры

мен мониторингін жүргізуді Байқоңыр қаласы әкімшілігінің жерге орналастыру  
қ ы з м е т і                                  ж ү з е г е                                  а с ы р а д ы .

Түсетін аймақтар жер телімдерінің мемлекеттік жер кадастры мен мониторингін жүргізуді Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органының мамандандырылған мемлекеттік кәсіпорындары жүзеге асырады.

«Байқоңыр» кешені аумағындағы (түсетін аймақтарынан басқа) қолда бар жер телімдері, оны пайдалану мен бөлу туралы жылдық есеп беруін Байқоңыр қаласы әкімшілігінің жерге орналастыру қызметі жасайды, ал түсетін аймақтар жер телімдерінің есебін Қазақстан Республикасының тиісті жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасында белгіленген ұлті бойыша жасайды. Бұл берілген есептерді «Байқоңыр» кешенінің Үйлестіру кеңесі бекітеді және белгіленген мерзімдерде

ұ с ы н а д ы .

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1216 Қаулысымен.**

#### **4-Бап. Ұшырғыш-ракетаның бөлінетін бөлшектерінің жерлерін пайдалану**

1. Ұшырғыш-ракетаның бөлінетін бөлшектерінің тұсуі белгіленген аудандардың жерлерін Қазақстан Тарапы Ресей Тарапының келісімі бойынша пайдаланады.

2. Ресей Тарапы 5 тәуліктен кем емес мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігіне және тиісті облыс әкімдеріне кезекті ұшыру жүргізу барысында пайдалануға жоспарланған түсетін аймақтар туралы хабарлайды.

3. Ресей Тарапы ұшыру жүргізілген соң ұшырғыш-ракетаның бөлінген бөлшектерінен жалға алған аумақтарды және онда орналасқан су объектілерін тазалауды және оларды маусымдық шартпен белгіленген мерзімде тұсу аудандарынан көшіруді, сондай-ақ қажет болған жағдайларда ұшырғыш-ракетаның бөлінетін бөлшектері түсетін аудандарды пайдаланудағы шектеулер туралы Қазақстан Тарапына

х а б ы л ы                          қ а м т а м а с ы з                          е т е д і .

4. Ресей Тарапы Қазақстан Тарапына ұшырғыш-ракетаның бөлшектері түсетін аудандары пайдалануды біржола тоқтату туралы және орындалған жұмыстар туралы қажетті барлық құжаттарды ұсына отырып хабарлап білдіреді.

5. Түсетін аймақтардың жерлерінің жай-куйін бағалауды тиісті облыс әкімдері және Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі құрған арнаулы жұмыс комиссиясы Тараптармен келісілген мерзімде жүзеге асырады. Комиссия құрамына өзара тең құқықтық негізде Тараптардың жерге орналастыру, табигат қорғау, ауыл шаруашылығы, су ресурстары басқармасы, санитарлық эпидемиологиялық бақылау, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі органдарының өкілдері, «Байқоңыр» кешені аумағында ғарыштық қызметін жүзеге асыратын «Байқоңыр» ғарышайлағы мен Ресей Федерациясы ұйымдарының өкілдері енгізіледі.

6. Арнайы жұмыс комиссиясының жұмыс нәтижелері түсетін аймақтарын пайдалануға жауапты ұйымдардың басшылары және тиісті облыстардың әкімдері

бекітетін актімен, көрсетілген актінің көшірмелерін кейіннен Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігіне ұсына отырып, ресімделеді.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1216 Қаулысымен.**

**5-Бап. "Байқоңыр" кешені жер телімдерінің пайдаланылуын және қорғалуын бақылау**

1. «Байқоңыр» кешені жер телімдерінің пайдаланылуын және қорғалуын бақылау:

Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және халықаралық шарттардың тиісінше орындалуын;

«Байқоңыр» кешені жерлерінің пайдаланылуына сәйкестігін;

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік органдарының, өзге заңды және жеке тұлғалардың жерлерді ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындаудың қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

2. «Байқоңыр» кешені жер телімдерінің пайдаланылуын және қорғалуын мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органы және Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі өкілетті өкілдерінің, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің қатысуымен оның аумақтық органдары жүзеге асырады және жылына бір рет жүзеге асырылатын жоспарлы тексерулерді өткізу арқылы жүргізіледі.

Жоспарлы тексерулер, орталық уәкілетті органның аумақтық органдары (тексерілуге тиісті жер телімдерінің аумақтық тиесілігі бойынша) жасаған, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органы бекітетін және Ресей Федерациясы Федералдық ғарыш агенттігінің өкілетті өкілдерімен және Байқоңыр қаласының әкімшілігімен келісілген жоспарлардың негізінде жүргізіледі.

3. «Байқоңыр» кешенінің жер телімдерін (түсетін аймақтарынан басқа) барлық жер пайдаланушылардың пайдаланылуына сәйкес болуын бақылауды, Қазақстан Республикасының жер заңнамасына, «Байқоңыр» кешені жөніндегі халықаралық шарттарға, Байқоңыр қаласының бас жоспарына, сондай-ақ Байқоңыр қаласы әкімшілігінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген Байқоңыр қаласында белгіленген жер телімдерін пайдалану қағидаларына сәйкес, Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігімен келісілген тәртіп пен мерзімде Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі өкілетті өкілдерінің қатысуымен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің жерге орналастыру қызметі жүзеге асырады.

Түсетін аймақтар жер телімдерінің мақсатты пайдаланылуын бақылауды Ресей Федерациясының Федералдық ғарыш агенттігі өкілетті өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органдарының аумақтық органдары жүзеге асырады.

4. Тексеру қорытындылары тексеруге қатысқан Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясы мемлекеттік органдарының өкілетті өкілдері қол қойған актімен мемлекеттік органдардың санына сәйкес келетін данада ресімделеді.

**Ескерту. 5-бап жана редакцияда - КР Үкіметінің 2012.09.19 № 1216 Қаулысымен.**

### **6-Бап. Қорытынды ережелер**

Осы Келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шарты белгілеген барлық мерзімге жасалынды және егерде Тараптардың бірі оның іс-қимылын тоқтату туралы өзінің тілегін жазбаша түрде хабарламаса келесі мерзімге со зы ла ды .

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі негізінде өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мұмкін .

Осы Келісімнің ережелеріне түсініктеме беру мен оны қолдануға қатысты даулар өзара келіссөз жолымен Тараптар келісімнің орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алыш шешіледі. Осы Келісім Тараптардың өзара жазбаша түрде оның күшіне ену үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларының орындалғаны туралы хабарлаған сэттен бастап күшіне енеді.

199 \_\_\_\_ жылғы екі дана болып, әрқайсысы орыс және қазақ тілдерінде жасалды және екі мәтіннің бірдей күші бар .

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 2012.09.19 № 1216 Қаулысымен.**

**Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін**

**Ресей Федерациясының**

**Үкіметі үшін**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК